

**Тақырыбы:** «Қызыл, сары, жасыл шар»

(Балалардың зейін, қабылдау, ойлау затты қолдану әрекеттерін бағдарлау дамыту)

**Міндеті:** Жол және адам қауіпсіздігін балаға түсіндіру.

**Мақсаты:** Жол және адам өмірінің қауіпсіздігін алдын ала алу.

Балаларды бағдаршам туралы жол ережелерін маңызды екенін ұғындыру.

**Тәрбиеші:** - Саламатсыздар ма балалар, ата-аналар!

Біз бүгін сіздермен бірге жол ережесімен танысамыз. Жолда жүрудің, адамдардың да көліктердің де өз тәртібі бар. (Балалардың назарын суретке аударту)

Бүгін біз бағдаршамның көздерімен, олардың түстерімен және пішіндерімен танысамыз.

**Тәрбиеші:** Балалар бүгінгі кешіміздің ең басты қонағы бағдаршамды ортаға шақырамыз. Балалар көшеде жүру тәртібін бағдаршам басқарады. Бағдаршам өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз, оның сырын біліп, тілін алу баршамызға ортақ. Олай болса балалар бізге «Бағдаршам» қонаққа келіпті.

**Бағдаршам:** Сәлеметсіңдер ме балалар! Мені барлық елдердің балалары жақсы біледі. Бүгін сендерге арнайы қонаққа келдім.

**Тәрбиеші:** Қош келдің Бағдаршам! Бүгінгі айтар әңгімеміз саған қатысты болмақ. Сондықтан да бізбен бірге бол.

**Бағдаршам:**

Күндіз түні жанамын

Дабыл беріп бәріне.

Үш түрлі түсім бар

Белгілі жаспен кәріге

Мен бағдаршам боламын.

**Тәрбиеші:** Бағдаршам біздің балалар өте ақылды! Бағдаршам туралы көп тақпақтар бар. Қане бағдаршам сен тақпақ айтып берші.

Сапар шексек сізбен біз,

Сан көлікке мінеміз

Троллейбус, трамвай

Автобусбен жүреміз

Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз

Сақтағанда қатерден

Сау саламат жүреміз

**Бағдаршам:** - Бағдаршамның неше көзі бар?

**Балалар:** - үш көзі бар.

**Бағдаршам:** - бағдаршамның көздерінің түсі қандай?